


Сөз зергері – Сейіт Кенжеахметұлы

Торғай топырағынан түлөп үшүп, барша қазақца пайдалы іс атқарған азаматтарыныздың бірі де бірегейі - Сейіт Кенжеахметұлы екені даусыз. Қазақтың тілі мен салт - дәстүрін дамытып, дәріптеуге олшеусіз үлес қосқан азаматтың өмір жолы кейінгі үрпаққа енеге.

Сейіт Кенжеахметұлы сана-лы гүмірын қазақ халқының иглігіне арнаған тұлға. Зде-биет алеміне алғаш рет жарқа-етіп сатирады өлеңдер мен мысалдар жазумен шықты. Астарлы ой арқылы қоғамды тәрбиелеуді мақсат тұтқан азіл - сықақ қойылымдары сол кездегі еліміздегі ең танымал «Тамаша» театры арқылы 30 жыл бойы көрерменнің көзайымына айналды. Қазір де қаламгердің туындылары түрлі онегр ұқымдары арқылы азіл сүйер ағайынга насыхатталып келеді.

Сейіт ағамыз сатирадан болек, салт - дәстүріміздің жаңағырту жолындағы еңбектерімен де елдің ықыласына боленді. «Жеті қазына» атты 4 кітаптан тұратын үлт мәдениетіне арнаған ғылыми еңбегі жарық көріп, «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Қазақтың дархан дастарханы» атты көлемді энциклопедиялық дүниелері қазақ, орыс, ағылшын, қытай, түрк, азіrbайжан, т.б. тілдерде басылып шықты. «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» деп ата-



латын этнографиялық танымдық еңбегі 2006, 2007 жылдары Мәскеуде откен алемдік кітап базасының көрмесінде 2 рет үшінші дәрежелі диплом мен бағалы сыйлықта ие болғанын да мақтандышип айта аламыз.

Жерлесіміздің аудармашилық таланты бір тобе. Сейіт КЕНЖЕАХМЕТОВ аударған С.Олейник, С.Михалков, Э.Несин, И.Крылов, т.б. ақын-жазушылардың шыгармалары қазір де здебиет сүйер қауымның иглігіне жарап түр. Онымен қоса қазақтың мысал аңғимелері мен өлеңдерін курастырып жарыққа шыгарды.

Ол кісі шыгармашылықтан болек карым - кабілетін түрлі қызметтерде жүріп те когам пайдалына жарага білді. Касиби жорнапшы ретінде еңбек жолын аудандық «Жаңа өмір» газетінің белім мәнгерушілігінен бастап, он жылдан аса Қостанай, Торғай облыстық газеттерінде адеби қызметкер, белім мәнгерушісі, жауапты хатшы болды. Қазақстан Жазушылар одагының Торғай

облысындагы көңесшісі, Торғай облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, Ы.Алғынсарин атындағы Арқалық педагогика институтында доцент, кафедра мәнгерушісі, қазақ адебиеті тарихынан дәріс окушы, Торғай облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жаңындағы «Оғырар кітапханасы» Рылыми-зерттеу орталығында ағағылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, Ы.Алғынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты ректорының көңесшісі, институттың ғылыми-зерттеу орталығының ағағылыми қызметкері міндеттінде даншты жерлесіміз абыраймен атқарған еді.

Талантты қаламгер осынша еңбегі үшін түрлі марапаттарды да иеленді. Ол кісі Қостанай облысы меценаттарының «Қазына» сыйлығының, «Ана тілі» газеттің «Ана тілінің саңалғасы» құрметті атағының иегері. Торғай және Арқалық қалаларының «Құрметті азаматы», КР «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қаз ССР Халық агарту ісінің үздік қызметкері», КР «Құрмет» грамотасымен марапатталған.

Осы жазылған мәліметтердің барлығы Арқалық еңбек-лік мемлекеттік мұрағатында сақталған. Ол кісі жайлы білгісі келетіндерге біз бұл акпараттарды толықжанды ұсынуға аркез дайынбыз.

Эльмира ҚҰРЫМБАЕВА,
Арқалық еңбек
мемлекеттік
архивінің жөнгөрі са-
натты архивисі.